

«2023-2024 оқу жылында бітірген түлектерді жұмыспен қамту нәтижелерін талдау» мәселесі бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«25» желтоқсан 2024 ж.

«2023-2024 оқу жылында бітірген түлектерді жұмыспен қамту нәтижелерін талдау» туралы ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдар жасалды:

Мансап және жұмысқа орналастыру орталығында түлектерді жұмысқа орналастыру жұмыстары жоспарға сәйкес ұйымдастырылып жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылы бітірген түлек саны - 1297. Университеттегі жалпы барлық білім беру бағдарламаларының түрлері бойынша түлектердің жұмыспен қамтылуы: бакалавриатта - 948 түлектің 814 / 86%, магистратурада - 337 түлектің 324 / 96%, докторантурада - 12 түлек оқуларын аяқтап, 12/ 100% жұмысқа орналастырылды. Жалпы жұмысқа орналасқандар саны: 1150/ 89% құрайды. Сонымен қатар, 2023-2024 оқу жылы мемлекеттік білім беру тапсырысы, ауылдық квота негізінде бакалавриатта – 226/220/ 97%, магистратурада – 80/79/ 99%, докторантурада – 11/11/ 100% түлек жұмысқа орналастырылды.

Университет бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде жалпы барлық білім беру бағдарламаларының түрлері бойынша соңғы жылдарда бітіруші түлектердің саны артуда.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша үш жылдық көрсеткіш негізінде түлектердің жұмыспен қамтылуы: 2021-2022 оқу жылы 197 түлектің 197 / 100%, 2022-2023 оқу жылы 257 түлектің 257 / 100%, 2023-2024 оқу жылы 317 түлектің 310 / 98% түлек жұмысқа орналастырылды.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранты негізінде бакалавриатта 2021-2022 оқу жылы 79 түлектің 62 / 79%, 2022-2023 оқу жылы 309 түлектің 280 / 91%, 2023-2024 оқу жылы 113 түлектің 98 / 87% жұмыспен қамтылды.

«2023-2024 оқу жылында бітірген түлектерді жұмыспен қамту нәтижелерін талдау» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Smart ZhU деректер базасында түлектердің жұмыспен қамтылу көрсеткіші бойынша ақпаратты автоматтандыру процестері жетілдірілсін (жауапты – Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының директоры, Процестерді цифрландыру және автоматтандыру бөлімінің басшысы; орындалу мерзімі: 01.04.2025ж.);

2. Бос жұмыс орындары туралы ақпарат жинақтау мақсатында Жетісу облысының мемлекеттік, жеке меншік мекеме, ұйымдарымен байланыс орнату жұмыстарын жүргізу жетілдірілсін (жауапты – Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының директоры, факультет декандары; орындалу мерзімі: 01.06.2025ж.);

3. Инклюзивті топтарда оқуларын аяқтайтын түлектердің жұмыспен қамтылуы үшін студенттердің ерекшеліктеріне қарай әртүрлі мекемелермен

ынтымақтастықты нығайту жұмыстары ұйымдастырылсын (жауапты – Мансап және жұмысқа орналастыру орталығының директоры; факультет декандары; орындалу мерзімі: 30.06.2025ж.).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б.Р. Таубаевқа жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Е.А. Бурибаев

Ғалым хатшы

Г. Шүкенай



«Университеттің ұлттық және әлемдік рейтингтерге қатысуы бойынша
2024 жылғы нәтижелері және 2025 жылға дайындық барысы туралы»
мәселесі бойынша

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ШЕШІМІ

«25» желтоқсан 2024 ж.

Университеттің бәсекеге қабілеттілігінің әрі стратегиялық көрсеткіштерінің бірі – оның әртүрлі рейтингтерге қатысуы және алатын орны болып есептеледі. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті жыл сайын институционалдық және бағдарламалық деңгейдегі халықаралық және ұлттық рейтингтерге қатысады.

2024 жылдың 1-жартыжылдығында І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті БСҚБТА (НАОКО) тәуелсіз агенттіктері мен «Атамекен» ҰКП өткізетін институционалдық және бағдарламалық деңгейдегі ұлттық рейтингтерге қатысты.

Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі IQAA Ranking (БСҚБТА) жүргізген 2024 жылғы институционалдық (жалпы) рейтинг нәтижелері бойынша университет ҚР көпсалалы ЖОО арасында үздік 5-ке кірді. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бірлесіп жүргізген бакалавриат білім беру бағдарламалары рейтингісінің 2023 жылғы есебіне сәйкес, университеттің 4 ОБ үздік ондыққа енді. 2024 жылы университетіміз QS Asian University Rankings – Central Asia рейтингіне қатысты. Осы рейтингтің нәтижелері бойынша І.Жансүгіров атындағы ЖУ QS Asian University Rankings Азия бойынша 701-750 орынды иеленді және Central Asia Орталық Азия рейтингі нәтижесі бойынша 46 орынды иеленіп, Times Higher Education әлемдік рейтингісі қорытындысы бойынша 2024 жылы Жетісу университеті "reporter" (қатысушы) мәртебесін иеленді. 2024 жылы UI Green Metrics World University Ranking қорытындысы бойынша университет әлемдік ЖОО арасында 804 орынды, қазақстандық ЖОО арасында үздік ондыққа еніп, 10-орынды иеленді.

«Университеттің ұлттық және әлемдік рейтингтерге қатысуы бойынша 2024 жылғы нәтижелері және 2025 жылға дайындық барысы туралы» мәселесі бойынша **Ғылыми кеңес шешімі:**

1. Ұлттық рейтингке қатысу үшін Жоғары білімнің бірыңғай платформасына (ЕПВО) енгізілетін көрсеткіштерін дұрыстығына жауапты тұлғаларды Басқарма Төрағасы – Ректор бұйрығымен бекіту үшін ұсыныс дайындалсын (жауаптылар: Басқарма Төрағасы – Ректор аппаратының жетекшісі Д.Нұрмуханқызы, Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы А.Беделбаева; орындалу мерзімі: 10.01.2025ж.).

2. Әлемдік және ұлттық рейтингтер бойынша университет позициясын жоғарылату әрі университеттің стратегиялық даму жоспарының көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін құрылымдық бөлімдердің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарлары өзектендірілсін (жауаптылар: Басқарма мүшелері – проректорлар Б.Таубаев, А.Бахтаулова, Б.Сериев, Х.Амиржанов,

Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы А.Беделбаева, құрылымдық бөлім басшылары; орындалу мерзімі: 10.01.2025ж.);

3. 2025 жылға әр құрылымдық бөлімнің қызмет бағыттарының стратегиялық дамуы жоспарланған жол карталары бекітілсін (жауаптылар: Басқарма мүшелері – проректорлар Б.Таубаев, А.Бахтаулова, Б.Сериев, Х.Амиржанов, Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы А.Беделбаева, құрылымдық бөлім басшылары; орындалу мерзімі: 10.01.2025ж.);

4. Аталған құжаттар стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасымен келісімделсін (жауаптылар: Стратегиялық даму және сапаны қамтамасыз ету басқармасының басшысы А.Беделбаева, құрылымдық бөлім басшылары; орындалу мерзімі: 10.01.2025ж.).

Ғылыми кеңес шешімінің орындалуын бақылау өзіме жүктеледі.

Ғылыми кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Е.А. Бурибаев

Г. Шүкенай